

6 Юсупов Ю.М. Башкирия в улусно-крыльевой структуре Улуса Джучи // Россия и Башкортостан: социально-политическая история и современность (к 450-летию добровольного вхождения Башкортостана в состав России): Материалы республиканской школы-семинара молодых ученых) // Под ред. Р.М. Валиахметов. – Уфа, 2007.

Резюме

Данная статья рассматривает образование, политическое положение, государственность, завоевательные походы и распад Золотой Орды. а также взаимосвязи башкирского народа с Улусом Джучи.

Conclusion

In this article author considers education, political position, governmental and wars and disintegration of Altyn Orda. Also it shows connection of Bashkirian nationality.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ МЕЖЕЛЕУ

Зайкенова Г.Б.

XX ғ. 20-30 жылдары Кеңестік билікті тұрақтандырудың әр түрлі құрылымдарының жүзеге асқаны белгілі. Соның бірі Орталық Азия республикаларын ұлттық-аумақтық межелеу, ұжымдастыру шараларымен байланысты болған халықтар тағдырының тарихи бұрмалануы болатын.

Орталық Азия республикалары арасында ұлттық-территориялық межелеуді жүргізу аса күрделі мәселе еді. Мұндағы халықтардың тарихи байланыстарының тереңде жатуы мен ұлттардың бір-бірімен аралас және тығыз орналасуы ұлттық республикалардың шекараларын анықтауда көптеген қиындықтар туғызды. Сондай-ақ, экономикалық орталықтармен ірі елді-мекендерді бөлу мәселелері көп жағдайда тығырыққа тіреліп отырды. Экономиканың даму деңгейімен, халықтың ұлттық құрамы туралы статистикалық мәліметтердің мардымсыздығы жағдайы одан әрі қиындатты. Осының бәрі үлкен дайындықпен көптеген жұмысты талап етті. Осы мақсатта арнайы РКП(б) ОК Орталық Азиялық бюросы жанынан және әр ұлттық республикалардың жеке комиссия бөлімшелері құрылды [1, 49 б.].

Бүкілресей Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі Совнаркомның 1919 жылғы 10 шілдедегі №354 қаулысына сәйкес Қазақ АКСР-і территориясының шекарасын бекіткен болатын. Бұл құжат бойынша Қазақ АКСР-і құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары мен

Закаспий облысының Маңғышлақ және Красновод уездері, Астрахань губерниясының Синемор және Бөкей ордалары, сонымен қатар қосымша біраз жерлер қосылды. Ал қарастырып отырған қазақ жерлерінің оңтүстік шекарасына келгенде, Декретке Түркістан құрамына кіретін қазақ жерлері халықтың қалауы бойынша шешілсін деген бап енгізілген болатын [2].

1920 жылы 25 қыркүйекте Жанкелдин, Әлібеков, Меңдешев және т.б. қатысқан Облбюроның мәжілісінде республиканың шекарасын анықтауға қатысты жасалған баяндаманың тезисі тыңдалды. Мәжілістің шешімі бойынша Қазақ АКСР-іне қазақтардың Сырдария облысынан Торғайға көшкенге дейін мекендейтін жерлері қосылсын деген шешім қабылданады. Ал Сырдария облысының бөлігін нақты анықтау әкімшілік бөлу секциясына жүктелді. РКФСР аймақта барлығына ортақ ақша белгілерін енгізді, бүкіл Орталық Азияға ортақ сыртқы сауда мен темір жол басқармасы құрылды, бірыңғай экономикалық жоспарлау орнатылды. Хорезм және Бұқара республикалары халықтық республикадан социалистік республикаға ауыса қайта құрылып, КСРО құрамына кірді.

Түркістан кеңестерінің XII съезінің делегаттары сөйлеген сөздерінде межелеу жөніндегі мәселені тез арада шешу қажеттігін ерекше атап көрсетті. 1924 жылы 31 қаңтарда РК(б)П ОК-нің ұжымдастыру

бюросы межелеу туралы ұсынысты қарап, РК(б)П ОК-нің хатшысы Я.Э. Рудзутакка осы мәселе жөнінде Ташкенте кеңес шақыруды тапсырды. Кеңес 1924 жылы наурызда өткізілді. Түркістанның ұлттық-территориялық межеленуі туралы Түркістан коммунистік партиясының орталық комитетінің хатшысы А.Рахымбаев баяндама жасады. Кеңеске қатысушылар межелеудің жүргізілуін қолдады. Түрк ОАК төрағасы Айтақов өз сөзінде Орта Азияның ұлттық-территориялық межеленуін және түрікмен халқының біртұтас кеңес республикасына бірігуінің қолайлы екенін айтты. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері С. Асфендияров өз сөзінде Қарақырғыз автономиялы облысын құрудың заңдылығын дәлелдеді. Бұны өз сөзінде Атабаев қолдады.

С. Қожанов 1924 жылғы 10 наурызда өткен ұлттық-территориялық межелеуге байланысты мәжілісте Орталық Азияны федерацияға, экономикалық жағынан емес, саяси әкімшілік жағынан біріктіру туралы ұсыныс жасады. Ал 1924 жылы 26 тамыздағы РК(б)П Киробком Төралқасының мәжілісінде Меңдешев ТүркАКСР-і мен арадағы шекараны межелеуге байланысты баяндама жасайды. Меңдешев республикалар арасындағы шекараны анықтауға әр елден үш адамнан өкіл қатысқан комиссияның күрделі және келісімді жұмыс атқарып жатқандығы жайлы хабардар етіп, біраз қарама-қайшылықтар тудырып отырған мәселелерге ерекше тоқталып, комиссияның ұлттық-территориялық межелеуге қатысты шешімдерінің қорытындысымен таныстырды [3, 56 б.].

Қазақтар мен түрікмендер арасындағы шекара сол қалпында қалдырылды. Экономикалық межелеуге қатысты жұмыс бұл кезде әлі жүріп жатты. Комиссия межелеу бойынша барлық дайындық жұмыстары 15 қыркүйекке дейін, ал 20 қазанда межелеу белгіленген тәртіппен толық аяқталуы тиіс деген шешім шығарды. Межелеу туралы ереже қабылдау мақсатында қыркүйек айында Орталық Азия республикалары Орталық Атқару Комитеттерінің кезектен тыс сессиялары шақырылсын деген қаулы қабылдайды. РК(б)П Киробкомы Төралқасы мәжілісінде Меңдешевтің жасаған баяндамасы негізге алынсын деп, мәжіліс Ташкент қаласы-

ның айналасы қазақтармен қоршалған, сондықтан Орталық комитеттен оны Өзбек республикасына жатқызу жөніндегі шешімін қайта қарау жөнінде өтініш білдіру керек деген қаулы қабылдайды.

С. Қожанов «Түркістан» газетінің 1924 жылғы 18 тамыздағы санында жариялаған мақаласында Орталық Азияда сол тұста жүргізіліп жатқан ұлттық-территориялық межелеу саясатына өз көзқарасын білдірді [3, 59 б.]. «Біріктіру үрдістері,—деп жазды ол, ұлттық-территориялық межелеудің маңызын төмендете алмайды, оның үстіне олар қайта құрылған республикалар тарихында оңтайлы рөл атқаруға негізделген, келешекте олар Кеңестік республикалар одағының толыққанды мүшелігіне өтетін болады. Мұның өзі Кеңестердің ұлт саясатының іс жүзіндегі шынайы сипатын куәландыратын болды...».

1924 жылы 9-сәуірде РК(б)П ОК-нің саяси бюросы жергілікті ұйымдардың ұсыныстарын қарап, ұлттық мемлекеттік межелеудің жүргізілуін негізінен мақұлдады. РК(б)П ОК-нің Орта Азия бюросына Орта Азияның жаңадан құрылатын республикалары мен облыстарының этнографиялық, саяси және экономикалық карталарын қосып, барлық материалдарды әзірлеп, партияның орталық комитетінің қарауына беру тапсырылды. 1924 жылы сәуірдің соңында РК(б)П ОК-нің Орта Азия бюросы мен Түркістан компартиясы ОК-нің бірлескен мәжілісінде Орта Азияны межелеуді әзірлеу және жүргізу жөнінде комиссияның мәселені зерттеу, жүргізу жұмысының барысы қаралды. Комиссияның кейбір мүшелері Орта Азиялық республикалар федерациясын құруды ұсынған еді, бірақ мұқият талқыланғаннан кейін межелеуді федерация құрмай-ақ жүргізу керек деп шешілді. Орта Азияны межелеу туралы комиссияның материалдарын қарап, РК(б)П ОК-нің Орта Азия бюросы 1924 жылы 12 мамырда одақтық екі республика – Өзбек пен Түрікмен және автономиялы екі облыс – Қара-қырғыз және Өзбекстан құрамында болатын Тәжік автономиялы облыстары құрылсын, ал Түркістанның қазақ аудандары Қазақ АКСР-і құрамына қосылсын деген шешім қабылдады [2].

Комиссияның шешімдері мен РК(б)П ОК-нің Орта Азия бюросының шешімі партияның орталық комитетіне тапсырылды. 1924 жылы 12 маусымда РК(б)П ОК Орта Азияда ұлттық-мемлекеттік межелеуді жүргізу туралы тарихи шешім қабылдап, онда межелеудің басты принциптері мен оны жүзеге асыру жөніндегі нақты ұсыныстарды мақұлдады. Осы қаулының бір тармағында КСРО ОАК-нің ұлттар кеңесі мүшелерінің бірінің төрағалық етуімен Орта Азияның барлық ірі ұлттарының өкілдерінен РК(б)П ОК-нің Орта Азия бюросы жанынан арнаулы территориялық комиссия құру көзделді. Территориялық комиссия саяси, экономикалық, статистикалық және бірнеше ұлттық қосалқы комиссиялардан тұрды. Олар саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени бағыттарда жұмыс жасап, ел жағдайын жандандыруға бағытталды.

1924 жылы Орта Азия бюросы Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік құрылыстың күрделі мәселелерін шешуге байланысты межелеу кезінде күрделі қиындықтармен кездесті. Үлкен қалалардың бір республикаға өтуі талас тудырып, республикалар мен облыстар ішінде «автономиялы қалалар», ұлттық анклавтар мен автономиялы ұсақ бөлшектер құру жобалары ұсынылды. Сонымен қатар, осы кезде Ташкент қаласының айналасында екі республика комиссиялары арасында үлкен талас туды. С. Қожанов бастаған топ Ташкентті қазақ автономиясына қайтару керек деген ұран тастады. Ол осы қаланың тарихында Ташкенттің он екі қақпасын қазақтар билеген, Төле би және қазақтың басқа да атақты билерінің осында жерленгенін тілге тиек етті.

Ұлттық-территориялық межелену негізінде ТАКСР-ның бұрынғы Жетісу және Сырдария облыстарының көптеген жерлері Қазақ АКСР-іне қарайтын болды. 1924 жылы қарашадан бастап бұл облыстарды басқару ісін республика үкіметі құрған революциялық комитет жүргізді. Қазақ АКСР-іне қосылған жеке уездер мен болыстардың шекарасын анықтау бірнеше айға жалғасты. Межелеудің қорытындысы бойынша Қазақстанға Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент уездері және Әулиеата уезінің көбі, Сырдария облысындағы Ташкент және

Мырзашөл уездерінің бір бөлігі, Самарқанд облысы, Жизақ уезінің көшпелі алты болысы өтті. Жетісу облысынан Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал уездері, Бішкек уезінен Георгиев, Шу, Қарақоныс болыстары қосылды. Осының нәтижесінде Қазақ АКСР-інің территориясы 797,9 мың шаршы шақырымға жуық, яғни үштің біріне ұлғайып, 2,7 млн. шаршы шақырым құрады. Ол Орталық Азияның межеленген жерлерінің 45,7% еді (оның ішінде 112 мың шаршы шақырым Қарақалпақ автономиялы облысының жері болды). Ал халқы 1 млн 468 мың адамға өсіп, оның жалпы саны 3 млн 986 мыңға жетті [4, 31 б.].

Жаңа шекарадағы Қазақ АКСР-інің жері Өзбек КСР-і жерінен 5,5 есе, Түрікмен КСР-і жерінен 4 есе үлкен, халқы тиісінше 1,5 және 5 есе көп еді. Пленум аяқталған күннің ертесінде, 29 қыркүйекте ҚазОАК-тің 3 сессиясы ашылды. Сессияда Қазақстанның Түркесубликадағы толық өкілетті өкілі Т.Жүргенов баяндама жасап, межелеу нәтижелерін, шешуі күрделі болып тұрған жәйттерді түсіндірді.

«Егер Ташкент туралы мәселені шешу кешіктірілген жағдайда, үкімет Кирреспублика орталығын ауыстыруға шара қабылдауы керек», – деген ұсыныс айтып, оны жан-жақты дәйектеді. Сессияның қаулысымен бұл ретте үкіметке тиісті тапсырма берілді. «Ташкент алқабы мен Ташкент қаласының бүкіл қазақ даласы үшін маңызы зор екенін және елеулі ықпал тигізетін ескере отырып, КСРО орталығына Ташкент қаласын беру БОАК-тің 2 сессиясынан сұралсын», – деген қаулы қабылданды. РК(б)П ОК Орталық Азия бюросы мен оның территориялық комиссиясындағы дау-дамай, пікір-таласты ескергендіктен, қаулыға: «Өзбектердің Ташкент қаласының «Ескі бөлігі» жайындағы талаптарын әділ деп таба отырып, оны Өзбек КСР-іне беруге болады деп саналсын, бұл ретте Қазақ АКСР-іне Ташкенттің «Жаңа бөлігі» берілетін болсын», – деген шешім жазылды. Алайда, Қазақстанның ең жоғарғы билігі шығарған үкіметтік-партиялық қаулыларды Мәскеу ескерусіз қалдырды. Қазақстан және Орта Азия республикалары мен облыстарының партия ұйымдары барлық ұлттардың еңбекшілеріне

кенес мемлекетінің ұлттық саясатында шағын ұлттарды кемсіту, олардың мүдделерін тежеу дегеннің ешқандай формада мүмкін емес екендігін және территорияны шамадан тыс бөлшектеу ұсақ-ұсақ автономиялы бөлшектерді қолдан жасау шағын ұлттардың өздерін экономикалық, әлеуметтік жағынан өркендеуіне теріс әсерін тигізетіндігін түсіндірді. ТАКСР-ін ұлттық-территориялық межелеуді бүкіл халық болып талқылау барысында қарақалпақ еңбекшілері Хорезм республикасы Ходжелі облысының қарақалпақтармен қосылуға, Қазақ АКСР-інің құрамында Қарақалпақ автономиясын құруға тілек білдірді. 1924 жылы 16 қыркүйекте ТүрОАК-тің III төтенше сессиясында ТАКСР-ін ұлттық-территориялық межелеу барысында, оның құрамындағы қазақ облыстарына ҚазақАКСР-і құрамына қосылу құқық берілді.

1924 жылы 11 қазанында РК(б)П ОК саяси бюросының кезектен тыс мәжілісі болып, оған барлық республикалар мен облыстардың өкілдері шақырылды. Онда Орта Азиялық республикалардың партия және кеңес органдарының баяндамалары мен РК(б)П ОК-нің комиссиялық қосымша баяндамасы тыңдалды. Осы өкілетті жиында экономикалық межелер және мемлекет қорлары мен қаржыларын жаңа республикалармен автономиялы облыстарға бөлу тәртібі белгіленді. Осы РК(б)П ОК Саяси бюросының кеңейтілген мәжілісінде Ташкентті Өзбекстанға беруді ұйғарды.

1924 жылы 27 қазанда КСРО Конституциясына сәйкес КСРО ОАК-нің екінші сессиясы қаулы қабылдады. «Ұлттардың өзін-өзі билеу принципі» бойынша ТАКСР-і мына республикаларға: құрамында автономиялы Тәжік Кеңестік Социалистік Республикасы бар Өзбек Кеңестік Социалистік Республикасына, Түркімен Кеңестік Социалистік Республикасына, РКФСР құрамына енетін Қарақырғыз автономиялы облысына бөлінетіндігі және Түркістанның қазақ бөлігінің РКФСР құрамына кіретін Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік республикасына қосылуы туралы қаулысы бекітілді. Ал қазақ-өзбек шекарасы мәселесіне келетін болсақ, екі елдің комиссия мүшелерінің көптеген талас-тартыс мәселе-

лерінен кейін шекара анықталып, Қазақ КСР-і мен Өзбек КСР-і арасындағы шекара Ташкент және Мырзашөл уездері арқылы анықталды. Ташкент Өзбек КСР-інің құрамына өтіп, оның астанасы аталды. Жаңа құрылған автономиялы республикалар мен облыстар заң жүзінде бекітілді. Осы мәжілісте КСРО Орталық Атқару Комитеті «еңбекші халықтың өз еркін білдіруі жоғарғы заң болып табылады» деп атап көрсетіп, ОАК Төралқасына талаптарға 45 сай рәсімделуін жүзеге асыруды тапсырды. Жер-суы, халқы бірігіп іргесі кеңейген үлкен Қазақ Республикасы Кеңестерінің съезі Ақмешітте 1925 жылы сәуірде өтті. «Кеңестердің Бесінші съезі Қазақ Республикасы ғұмырындағы елеулі бетбұрыс болды. Бұл съезді біз Бірінші съезд деп атаймыз», – деді съезд делегаты, Қазөлкекомның екінші хатшысы С.Қожанов [3, 66 б.].

1925 жылы Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу аяқталды. Осы кезде Қазақ АКСР-інің құрамына Сырдария және Жетісу облысы, Қара-қалпақ автономиялы облысы, Самарқанд облысы және көптеген уездер қосылған болатын. Осындай қиын жағдайда қазақ халқының тарихи жерлері өз иелеріне қайтарылды, жерлердің қосылуынан республика халқының саны өсіп, 1926 жылғы санақ бойынша 6,6 млн. адам болса, оның 3,6 млн қазақтар еді, яғни, қазақтар республика тұрғындарының 61% орыстар – 1,2 млн. (18%), украиндықтар – 0,8 млн. (12%) құрады [5; 120, 149 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бекболатова А. Национально-территориальное размежевание Средней Азии // Қазақ тарихы. –2008. – №3. – 49–50 б.
- 2 Малышева М.П. Национально-территориальное размежевание Сибири и Казахстана (1919–1922 жж.).–Семей, 1999.–266 б.
- 3 Әлмашұлы Ж. Қожанұлы С.А. Түрмеде сөнген шырақ.–Алматы, 1994.–258 б.
- 4 Тәтімов М.Б. Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан қуылған, қырылған және атылған?).–Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993.–160 б.
- 5 Козыбаев М.К., Алексеенко А.Н., Алексеенко Н.В., Романов Ю.И. Этноссы Казахстана.–Астана: Елорда, 2001.–С. 168.

Резюме

В данной статье рассматриваются такие проблемы как политика и результаты размежевания Центральной Азии в 20-х годах XX века.

Conclusion

This article deals with the problems as a result of the disengagement policy in Central Asia in the 20 - years of XX century.

СПОСОБЫ ВОПЛОЩЕНИЯ КОНЦЕПТА «МУЖЧИНА» В МАЛОЙ ПРОЗЕ В. БОРХЕРТА

Исмагулова Г.К., Гудованая Т.А.

В современной лингвистике большое внимание уделяется концептуальным исследованиям, что связано с уже доказанным положением о том, что в сознании человека как носителя определенной национальной культуры и языка хранится и перерабатывается информация, получаемая в процессе жизненного опыта, и, как результат, формируется специфическое языковое видение мира. Вся совокупность знаний преобразуется в концепты, соединяющие воедино неопределенное множество связанных тем или иным образом явлений. Особенностью лингвокультурного концепта является наличие культурологического компонента, изучив который можно составить представление об этнической специфике того или иного явления.

Для нашего исследования нам необходимо определить понятие «мужчина» как лингвокультурологический концепт. Чтобы свести в единый концепт все представления о мужчине, обратимся к существующим словарям, потому что для анализа концепта «мужчина» нужно, в первую очередь, осмыслить и усвоить все значения этого слова, которые могут дать нам словари.

М. Фасмер. Этимологический словарь русского языка в 4-х томах [1]: Мужчина – происходит от сущ. муж, из праслав. формы *mъžь, от которой в числе прочего произошли: др.-русск. мужь, ст.-слав. мжь (др.-греч. ἀνήρ), русск., укр. муж, болг. мъжът, сербохорв. мѹж, словенск. mōž. Mannus – имя прародителя германцев (Тацит), фриг. Μάνης – родоначальник фригийцев. Образование слав. *mъžь сравнивают с лит. žmogùs «человек», наряду с žmó-nės мн. «люди», так же, как греч. πρέσβυς, критск. πρεῖγυς.

Толковый словарь живого великорусского языка В. Даля [2] Мужчина – МУЖ м. человек рода он, в полных годах, возмужалый; возрастной человек мужского пола, противополож. жена, женщина. || Относительно к женщине, жене: супруг, народное, хозяин, образующий с женою чету. Выдти замуж. Быть замужем. Экой мужица у тебя! Муженек, муженка, – нушка, мужилка, ласкат. Некорыстный мужишка. Худ мой мужилка – а завалюсь за него, не боюсь никого! || Муж, жена, говорят и о растен. мужеский (тычинковый, цветной) и женский (пестиковый, плодниковый) цветок. Трава кокуй, собою синя, а другая пестра, из них один муж, а вторая жена (травник). Великий муж, доблесть мужа, муж высокого рода и пр. Здесь муж выражает достоинство человека.

Толковый словарь русского языка Ушакова Д.Н.[3]: Мужчина

1. Лицо, противоположное женщине по полу. У нас в бригаде четыре мужчины и две женщины. Красивый м. 2. Лицо мужского пола, достигшее зрелого возраста, физической и духовной зрелости. Настоящий м. Скоро ты будешь уже мужчиной.

Библейский словарь (историко-религиозный) В. Вихлянцева [4]: Мужчина – «любимое насаждение Господа» (Исх 5.7), основной представитель не только избранного Божиего, но любого народа, вообще – весь народ (Исх 19.14-15). И это не потому, что «это придумали сами мужчины», как говорят сторонники и сторонницы эмансипации, но это воля Божия (см. женщина, ср. 1Кор 14.34; 1Тим 2.11-12-все женщины; Еф 5.22-24-жены, ср. Быт 3.16). Все, что ни предписывал закон выполнять, он все это требовал от мужчин (не случайно в 1Кор 14.34 указано: «как и закон говорит»).